

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шәкәрім мен Қайым. Құраст: Қайым Мұхамедхановтың балалары. – Астана: Фолиант, 2009. – 336 б.
2. Мұхамедханов Қ. Драмалық шығармалары, өлеңдері (Көп томдық шығармалар жинағы). – Алматы: Ел-Шежіре, 2009. – Т.7. – 312 б.
3. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005. – Т.1. – 352 б.
4. Жұртбай Т. Тамұқ бар болса, ол – осы (V-тарау) // Абай әлемі: Ұлы ойшылдың өмірі мен шығармашылығына арналған онлайн-энциклопедия / abaialemi.kz
5. Қодар Ә. Қазақ мәдениетінің қызғыш құсы // Азаттық радиосы / azattyq.mobi. – 2015, 5 желтоқсан.

АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ РЕМИНИСЦЕНЦИЯСЫ

Жалелов Дәулет Серікұлы

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филология факультеті, Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс студенті, daulet.zhalelov@mail.ru
Ғылыми жетекшісі – Мақпал Оразбек

Абай шығармашылығы, Абай тілі ХХІ ғасырға дейін бірнеше рет зерттеліп сан қырынан қарастырылды. Біздің зерттеу тақырыбымыздың өзектілігі айтар ойы мен басты мәселесі Абай шығармашылығының оның ішінде қара сөздерінің жаңарған ғылым мен мәдениеті дамыған жаһандану дәуіріне бет бұрған осы кезеңдегі алар орны, реминисценциясы яғни жаңаруы.

Илияс Жансүгіров: «Абайдың қара сөздерін әлеумет пікірінің ортаға түсетін қара сөзінің де (публицистикасының) алғашқысы деп ұғынуымыз керек»-деп жазса, Мұхтар Әуезов: «Абайдың қара сөздері оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына деймін» Былай алып қарасақ Абай пәнін аттап кеткен жазушы тоқтап сабақ алмаған ақынды көрген емеспіз. Абайдан арғы –бергі де қазақ поэзиясы болмады, қазақ жыр жазбады, өлеңге әуес болмады десек қазақ әдебиеті жайлы түсінігіміздің болмағаны, ой санамыздың қараңғылығы болар еді. Десек те қазақ поэзиясы десек ең алғаш еске оралатыны да Абай болып тұр. Абай тек поэзияда ғана емес қазақ прозасындағы ұлы революция.

Қазақтың қара сөзінен сом алтын шығарманы өре білген Абайдың әр қара сөзі бұрыннан бүгінге жеткен және болашаққа мәңгілік жалғаса беретін алтын жылға. Уақыт пен кеңістікте қағаз бетіндегі қара сөздердің тіріліп жаңарып өз қажеттілігінше қоғамның рухани мұқтаждығын өтеуі адам өміріне байланысты антропоцентристік бағыттағы дамып келе жатқан бүгінгі ғылымның ең ұтымды құралы болары анық. Оған дәлел ретінде Абай қара сөздерін сараптай саралай келе төменде мынандай тұжырымдамалар келтіреміз.

Абай қара сөз	Абай жазды	Абай ойлады	Адалдықтың пайдасы	Хәкімнен түйгеніміз
адалдық	ертеңгіні	ұрпақты	дамытты	Өнерді
ойшылдық	келешек жолды	Білім жолдарын	Ел қамын толғандырды	Өмір сүруді
кеменгерлік	болыстығын	адамдықты	Болашаққа болжам жасады	Өмірдегі бар жақсылықты
сенімділік	қалың елін	ойшылдықты	Даралықты түсіндірді	адамшылықты

М.Әуезовтің жетекшілігімен Қ.Мұхамедханұлы Абайдың ақын шәкірттерінің мұраларын зерттеу ісін қолға алса, Ә.Жиреншин өз еңбектерінде жалпы Абайдың әдеби ортасы жайында сөз қозғады. Яғни Абайдан сусындаған жылқы мінез қыран даланың

перзенттері әрқашан Абай деп толғанып, Абайша өмір қағидасынан сабақ алуда. Біздің зерттеу зерттеуіміздегі маңызды мәселе Абай қара сөзінің бүгінгі заманмен үндестігі. Қазіргі өмірмен біте қайнасып жатқан Абай тарихының кемелді жолы іспеттес. Екінші қара сөзінің өзінде Абай атамыз бүкіл қазақтың бодандығын суреттеп кеткен секілді. «Оның малдарына құзғын тамағымыз үшін, біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз. Біздің ең байымызды: «Сәнің шақшы» аяғың білән пышыратырға қойған идән түгіл, сасы қазақ» , -деп үйінен қуып шығарады. Қайран Абай қалай дәл айтқан десеңші. Сол кездің басында-ақ өзгеге бодан, білімдісі надан, қарасы ақ, ағы қара болатындылығын дәп айтты. Сөзінің аяғын, «Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда».


Абай әлемінің толыққанды мағанасын данышпанның мынандай қара сөздері арқылы міндеті мен мақсатын түсіндіруге болады.

Үшінші қара сөз - Әрбір мал іздеген адам жайлы айтады. Яғни мал табуды үйрету. Қазіргі заманмен салыстырсақ, еңбек етіп, адал қызмет етуге баулу.

Төртінші қара сөз - Күлкі, уайым-қайғы жағынан ой-қозғайды. Бүгінгі өмірмен, бос күлкіге салынбай шыншылдыққа, болашаққа ұмтыл дегені шығар. Абай атамыздың өзі айтқандай, «Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі

Абай атамыздың айтқаны осындай өзгенің жетегінде кеткен ата дәстүрден айырылмау жөнінде айтқаны сөзімізге тұздық секілді. Қазақта сөз бар ғой, «Ет сасыса тұз себеміз, Тұз сасыса не себеміз?» Елдігіміздің басы қазақ деген еркіндік атауы болса, сол тіркестің мағанасын ашу үшін, өз қайғынды ақшаға емес, адалдыққа айрбастау жөнінде айтылғанын жадымызға сіңіруіміз керек. Осының өзі міндет, келешекке мақсат бағдарымыз болмақ.

Алтыншы сөз-Ақын қазақтың «Өнер алды-бірлік, ырыс алды-тірлік» деген мақалы төңірегінде. Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды-бірлік, Ырыс алды-тірлік дейді» Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады,-білмейді.




Абайдың асыл мұрасы адалдықтың бір бөлігі. Тілдің шеберлілігін бағалау үшін салауаттылыққа жүгіну. Ал салауаттылық Абай қара сөзінен басталады. Хәкім Абай айтқан екен, деген сөздің өзі көңілге жылулық ұлатады. Қазақстанда Абайтану жүйесі болғанымен халық санасы оған әлі бейімделмей жатыр. Қазіргі жастардың санасы жасыратыны жоқ, ғаламданып яғни техниканың байлауында кетіп барады. Заман ағымы деген ұғымға тоқталамыз. Кейде «Заманына қарай адамы» деп қоямыз. Абайша түсінудің өзі бір бөлек, жүзеге асырудың өзі асқан ыждахаттылықты талап етеді. Бірлік деген расында бауыры бүтін елдің қазығы іспеттес.

Абайдың қара сөздері-көркем әңгіме емес, даналық сөздер. Онда ғылыми философиялық толғаныстар кең орын алған. Абай қара сөздерді жазуға зор дайындықпен

келген. Ол бұл еңбектерін діни сопылық-теологиялық ғылымды да, жаратылыс заңдарын ашқан Галилей, Коперник, Спенсер, Ньютон еңбектерінде ертедегі философ ғалымдар Сократ, Аристотель, Платон шығармаларында Шығыстың ойшылдары-Фирдоуси, Шамси, Қожа Хафиз, Бабыр, т.б. еңбектерінде оқып, ақыл-парасаты әбден толықсаған кезінде жазуға кіріскен. Ол қара сөздердегі келтірілген терминдер атаулар мен сілтемелерден немесе ой-пікір үндестігінен байқалады. Өнердің бірлікке қатынасын, ырыс дүниесімен топтастыра кетсек,

«Ырыс алды тірлік» дейді ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шақпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ол айтқан тірлік оларемес. Көкірегі көңілі тірі болса соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың. Қарап отырсақ, тірлік деген өмірдің даңғыл жолы. Тірлік дегеніміз бірлік атауының қағидағы тіршілігі.



Отыз үшінші сөз. Қазақтың өнерлі адамын Абай әулие санайды. Өнердің қырын ашатын қара сөзі

Өнерлі адам	Өнерлі адам әрекеті.
Құлшыныстың жоқтығы	Қолынан келгенге мәз, өнерін ұштауға, жетілдіруге қыры жоқ.
Салғырттық таныту	Өнерімен күнкөрістік аз ғана мал тапсп, соған тоқмейілсіп, салғырттыққа салынып, ерікшектікке бой алдырады.
Сол заманмен	Бұл кесел өзге жұрттың кінәсінен болады. Маңайдағы көрші-көлем, ағайын-туған ондай жігіттің өнерін қасиетті деп қадірлемей, арзанға бағалап, тегін істетуге әуес келеді.
Тамыршылдық	Біреулер оны алдап-сулап, соның өнерін өзіне бедел қылып, соның билігін өз қолына алып, ақыры оны кіріптар етіп қояды.
Абайдан түйгеніміз	Абай атамyzдың даналығы даралығы
Болашаққа болжам	«Абай» пәні адамгершіліктің даралығы. Даналықтың азаттығы

Жиырма бесінші сөз.

Жас буынды орысша оқытуға үндейді

Абай пікірі	«Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Залалынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Орыстың ғылымы, өнері-дүниенің кілті, оны білгенге дүгіе арзанырақ түседі».
--------------------	---

Қоғамдық пікір	Абай орысша оқу дегенде оны дүниенің тілін білу құралы ретінде ұсынып отыр. Мақсат орысша білуде емес,оны білім,ғылым,өнер жолына түсу үшін пайдалану. Ол кезде одан өзге жол жоқ. Батыстағы білім қорына шығу жолы- тек орысша оқу. Абай құр әншейін орысшаға бас шұғып отырған жоқ.
Менің пікірім	Сол заманның тұрғысынан қарағанда, өркениетті елдің жақсы жақтарынан үлгі алып, қалпымызды түзету-ең қажетті жағдай болды. Орыс тілі- өркениеттің тілі. Озық тілді үйрену арқылы сананды, бойыңды түзетесің. Өзге тіл деп жатсынбай, тілін білсең, дүние тетігін табасың.

Қорытындылай келе, Абай қара сөзіне сүйене отырып, және бүгінгі өмірімізге қатысты мынадай үш нәрсені анықтап, айқындап көрсетеміз. Бұлар: ұлт, ұлттық идея және ұлттық өркениет.

Бірінші – ұлт. Біз қазіргі кезеңде мемлекеттігімізді қайтарып, мемлекеттік ұлт ретінде қалыптасып жатырмыз. Демек, біз енді ұлт дегенді тек этникалық, яғни этнос, деген мағына емес, мемлекет деген мағынада түсініп, қолданауға мүмкіндік алып отырмыз

Екінші – ұлттық идея. Біз үшін қазір ең басты ұлттық идея – тәуелсіздікті, мемлекеттігімізді сақтап қалу. Міне, бізге осы мемлекеттігімізді сақтай, қорғай білу – ең негізгі ұлттық идея.

Біздің құрып жатқанымыз-жаңа мемлекет. Бірақ жас мемлекет емес. Біз бұрын жоғалтып алған мемлекетімізді қайтарып, жанғыртып, жанаша құрудамыз. Бұл дегеніңіз - ұлтымызды да жаңа сапаға көтеріп жатырмыз деген сөз..

Үшіншісі – ұлттық өркениет. Бұл бүгінгі тіршілік пен келешек өмірдің қажеттіліктері. Сол себепті мұнда этникалық та, мемлекеттік те мүдде қатар жүреді. Себебі біз енді Адамзат өркениет көшінен қалмауға тиіспіз. Оның озық ойлары мен жетістіктерін түгел игеріп,пайдалана білуіміз керек.

Демек, Абай қара сөздерінің құндылығы бұған дейінгі дәуірде руханият мұқтаждығын өтеп, өз қызметін межесінен асыра орындаса, дәуір жаңарған сайын заманамен қоса жаңаратын, эпицентрін Абай қара сөздерінен алатын ішкі құндылық мазмұндағы идея уақытпен кеңістікте еркін жылжып жүретін қоғамның дамуына прогресшіл бағыт болу арқылы ұлт руханиятының қазынасын молайтады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы,1995
2. Құнанбаев А. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер. – Алматы, 2005
3. Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе? // Егемен Қазақстан. - 2008. - 26 қараша
4. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. –Алматы, 1997
5. Назарбаев Н.Ә. Қалың елім Қазағым - Алматы, 1998
6. Жұртбай Т. Құнанбай. –Алматы, 2004
7. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. –Алматы, 1977
8. Ердембеков Б. – Семей өңірінің ақын-жазушылары. (Арнаулы курс материалдары). – Семей, 2003
9. Жомартбаев Т. Абай қандай // Абай. - 2003. - №3
10. Мухамедханов К Имена и произведения учеников Абая // В кн.: Библиографический указатель произведений Абая и литературных материалов о нем за 1889 - 1945 гг. – Алма - Ата: изд АН Каз. ССР, 1946. - С. 28
11. Мырзахметов М «Абайтану тарихы» - Алматы, 1994
12. Мырзахметов М «Абай жүрген ізбенен» - Алматы, 1985
13. Өмірәлиев Қ «Абай афоризмі» - Алматы, 1993
14. Қасқабасов С «Абай және фольклор» - Алматы, 1995